



Күз мезгілінің Картотекасы

*Балдырған ортаңғы аралас кіші тобы
3-4 жас*



Серуен №1

1.Бақылау:

Ауа–райынбақылау.Мақсаты:Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау арқылы күз мезгілі туралы әңгімелесу.

2. Қимылды ойындар:

«Кім өз жалаушасына тез жетеді?»

«Қуыспақ»

«Аударыспақ»

Мақсаты:Шапшаңдылыққа, ептілікке, жылдамдыққа баулу.

3 Ойын: «Жолаушыға тез жетейік»

Мақсаты:Шапшаңдыққа үйрету.

4.Жеке жұмыс:

Допты шеңберге дәл түсір.

Мақсаты:Дәлдікке баулу

5.Еңбек:

Телімдегі гүлдерге су құю.

Мақсаты:Табиғатты аялауға, еңбексүйгіштікке баулу.



Серуен №2

1. Жаңбырды бақылау:

Ақ жауын ба, нөсер ме?

Айыра білуге баулу.

Мақсаты: Күзгі жаңбырдың өзгешелігін, ақ жауын мен нөсердің айырмашылықтарын үйрету

2. Көркем сөз

Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.

Арық суы мол болсын

Өсімдіктер көп болсын

Жауған жерің көк болсын

Мақсаты: тілдік қорын байыту.

3. 3. Ойын: «Жолаушыға тез жетейік»

Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету.

4. Жеке жұмыс.

1-5 дейін тура және кері санату.

Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін дамыту.

5. Еңбек.

Телімдегі қағаз, қоқыстарды жинау

Мақсаты: Тазалыққа, әсемдікке баулу.



Серуен №3

1. Бақылау:

Ағаштың жапырақтарын салыстыра бақылау

Мақсаты: Қай ағаштың жапырағы үлкен қайсысы кіші екенін, пішіні, түсі туралы әңгімелесу.

2. Қимылды ойын: «Шеңберге дәл түсір»

«Қояндар мен қасқыр»

«Күн және жаңбыр»

Мақсаты: Аңғарымпаздылыққа, дәлдікке, жылдамдыққа баулу.

3. Жеке жұмыс.

3 – 4 баламен маршпен дұрыс жүруді үйрету

Мақсаты: Маршпен жүруге дағдыландыру.

4 Еңбек.

Телімдегі бұтақтарды жинау.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тазалыққа баулу.

5 Көркем сөз.

Жапырақтар, жапырақтар,

Күз болғанда сарғаяды.

Ал қазір тұр алдымызда,

Жап-жасыл боп бояуы

Мақсаты: Дыбыстарды анық айтуға дағдылындыру



Серуен №4

1. Бақылау Жаңбырды бақылау.

Мақсаты: Күзгі жаңбырдың жазғы жаңбырдан айырмашылығын айту. Жазғы жаңбыр жылы күзгі жаңбыр суық тез жаурайтынымызды әңгімелеу.

1. Қимылды ойындар: «Тышқанды ұстау» «Теңізді тап» «Дауысынан таны»

Мақсаты: Шапшаңдыққа, дәлдікке, аңғарымпаздылыққа баулу

1. Жеке жұмыс.

Гимнастикалық баспалдаққа мініп түсу.

Мақсаты: Қимыл қозғалысты дамыту.

1. Еңбек.

Аула сыпырушыға көмектесу.

Мақсаты: Тазалыққа үйрету.

1. Жұмбақ жасыру. Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Биіктен қайта түскенде Өңі кірер даланың (жаңбыр)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №5

1. Бақылау:

Ауа – райын бақылау.

Мақсаты: Күз мезгілі туралы әңгімелесу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күзгі өзгерістерді айту.

1. Қимылды ойындар:

«Қуыспақ»

«Ормандағы аю»

Мақсаты: Шапшаңдылыққа, ептілікке баулу.

1. Жеке жұмыс.

Үлкен адыммен жүгіріп секіру. (1-2 баламен)

Мақсаты: Адымдап жүгіруге, секіруге дағдылау.

1. Еңбек.

Телімдегі жапырақтарды жинау.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

1. Жұмбақ жасыру

Егін пісіп, жеміс түсіп
Қамбаларға толады
Бөбектерім, айтындаршы
Бұл қай кезде болады?

(күз)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №6

1. Бақылау:

Табиғатты өзгерістерді бақылау
(салқын жел, жаңбыр, т.б.)

Мақсаты: Балалармен күз мезгіліндегі ауа-райында болатын өзгерістерді айтып, күз мезгілі туралы әңгімелесу.

1. Қимылды ойындар:

«Шеңберге дәл түсір»

«Тышқан мен мысық»

«Ақ қоян»

Мақсаты: Дәлдікке, жылдамдыққа, ептілікке үйрету.

1. Жеке жұмыс.

Өздерінің білетін тақпақтарын айтқызу.

Мақсаты: Шығармашылығын байыту.

Жоғарыдан төмен қарай өрмелеу

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.

4 Еңбек. Телімді ағаш қалдықтарынан жинау.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

5. Көркем сөз.

Көк майса, көрікті
Алқаптағы көк егін
Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін
Жел тынымсыз гуілдеп
Болып кетті тым бұзық
Шуылдайды тал, терек
Жапырағын жұлғызып.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.



Серуен №7

1. Бақылау:

Ағаштарды бақылау. Жапырақтар түсіп қалды ма?

Жерде жапырақтар кілемдей жатыр ма?

Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтар айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.

1. Қимылды ойындар: «Өз орныңды тап»

«Қуыспақ»

«Түлкі тауық қорада»

Мақсаты: Дәлдікке, жылдамдыққа, ептілікке баулу.

1. Жеке жұмыс.

Дөңгелекті жалауға дейін айналдырып бар.

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.

1. Еңбек.

Аула сыпырушыға көмектесу.

5. Жұмбақ жасыру. Өскенде – көгереді,

Түскенде – сарғаяды,

Жатқанда – қараяды.

(жапырақ)

Сары нәрсе суға құлады ,

Өзі де батқан жоқ,

Су да қозғалған жоқ.

(жапырақ)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №8

1. Бақылау:

Ауа-райын бақылау.

Мақсаты: Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді айтып, күзде қандай киім киетінімізді әңгімелесу.

1. Қимылды ойындар:

«Өз орынды тап»

«Кеглиді көзде»

«Қасқыр қақпан»

Мақсаты: Дәлдікке, ептілікке, аңғарымпаздылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс.

Доппен жаттығу, бір-біріне лақтыру, арасы 1 метр.

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.

1. Еңбек.

Аула сыпырушыға көмектесу.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

1. Көркем сөз.

Сары ала тон жамылған,

Күз атамыз секілді

Қойны толы дәмді нан,

Тәтті көп не түрлі.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.



Серуен №9

1. Бақылау:

Құстарды бақылау. Қай жаққа ұшады?

Біздің жақта қандай құстар қалады?

Мақсаты: Күз мезгілінде жылы жаққа ұшатын және қыстап қалатын құстар туралы әңгімелесу.

1. Қимылды ойындар:

«Кеглиді дәл лақтыр»

«Ақ серек, көк серек»

Мақсаты: Дәлдікке, жылдамдыққа баулу.

1. Жеке жұмыс.

Айдарға «С» әрпінен келетін сөздер ойлатып айту.

Мақсаты: Ойлау қабілетін дамыту.

1. Еңбек.

Телімдегі қағаз қалдықтарды жинастыру.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

1. Жұмбақ жасыру. Биікте ұшып жүреді,

Елік, қоян бүреді.

Қия таста ұясы,

Бұл құсты кім біледі?

(бүркіт)



Серуен №10

1. Бақылау:

Ағаштарды бақылау. Жапырақтар неге түсіп жатыр?

Мақсаты: Ағаштардан жапырақтардың қалай түсіп жатқанын бақылап, неге түсіп жатқанын әңгімелеу.

1. Қимылды ойындар: «Біз көңілді баламыз»

«Арқан тартыс»

«Кім өз жолаушысына тез жетеді?»

Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу. Көңіл көтеру.

1. Жеке жұмыс.

Түзу жолмен секіруге жаттықтыру.

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.

1. Еңбек.

Телімдегі қағаз қалдықтарын жинау.

Мақсаты: Тазалыққа баулу

1. Көркем сөз.

Ағаштар

Биікте де төменде

Өседі жас емендер.

Ауыл саны-терек қой,

Терек егу керек қой.

Мақсаты: Сөздік қорын байыту.



Серуен №11

1. Бақылау:

2. Транспорттарға, бағдаршамға бақылау.

Мақсаты: Жол ережесін сақтап жүруге үйрету.

1. Көркем сөз:

Бип – бип, бип дейді,
Жолдан былай кет дейді.
Күшікті басуға болмайды,
Болмайды машина.

Мақсаты: Шығармашылықтарын дамыту.

4. Жеке жұмыс.

Әсем мен Айнұрға қандай машина көргендігін, аттарын
атауға үйрету

Мақсаты: Көлік түрлері жайлы білімдерін
қалыптастыру.

1. Еңбек. Телімді ағаш қалдықтарынан жинау.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

1. Ойын: «Паровоз»

«Поезд»

«Менің машинам»

Мақсаты: Жылдамдылыққа, ептілікке баулу.



Серуен №12

1. Бақылау.

Қайда не өседі? Жеміс- жидектің өсетінін бақылау.
Жеміс жидектердің түрін, түсін айыра отырып, оның адамға пайдасын айту.

1. Көркем сөз.

Жеміс-жидектер туралы өлең

4. **Жеке жұмыс.** Балалардың ішіндегі естиярларына жемістердің иісін, дәмін білуді ұғындыру, сұрау.
Мақсаты: Жемістердің иісін, дәмін айыра білуге дағдылау.

5. **Еңбек.** Арамшөптерді жұлуға, суаруға баулу.
Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

6. **Ойын:** «Қайсысы жеміс, қайсысы көкөніс?»
« Ұзын жол»

Мақсаты: Жеміс пен көкөністі айыра білуге уйрету.
Аңғарымпаздылыққа баулу.



Серуен №13

1. Бақылау.

Аспанды бақылау. (Ол қандай? Күн қалай түседі?
Аспанда бұлт көп пе?)

Мақсаты: Күзгі аспанды бақылай отырып,
бұлттардың түсі, қандай пішінге ұқсайтыны туралы
әңгімелесу

1. Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр.»

«Арқан тартыс.»

«Түлкі мен қаздар».

Мақсаты: Ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу.

1. Жеке жұмыс.

Қос аяқпен шеңберден шеңберге секіру. 6-8 рет.

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.

1. Еңбек.

Телімді сыпыру.

Мақсаты: Тазалыққа тәрбиелеу.

1. Көркем сөз. Көк аспанға қарасаң

Қызықтар көп орасаң

Күнді өзін білесің

Күнде көріп жүресің.

Мақсаты: Шығармашылығын байыту



Серуен №14

1. Бақылау.

Күн мен түнді салыстыра бақылау.

Мақсаты: Күн мен түннің айырмашылығы туралы әңгімелесу.

1. Ойындар:

«Күн мен түн».

Мақсаты: Аңғарымпаздылаққа, шапшандыққа баулу.

1. Жеке жұмыс.

Санамақ айту.

Мақсаты: Зейінін, танымын дамыту.

1. Еңбек.

Ойын алаңын тазалау.

Мақсаты: Тазалыққа баулу,

1. Тақпақ жаттау.

Әрқашан күн сөнбесін
Аспаннан бұлт төнбесін.
Қасымда болсын мамам
Болайын менде аман.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.



Серуен №15

1. Бақылау.

Ауа-райын бақылау. (Қандай? Қандай жаналық?)

Мақсаты: Күз мезгіліндегі ауа-райында болып жатқан өзгерістер туралы әңгімелесу.

1. Қимылды ойындар.

«*Теңізді тап*»

«*Ақ серек, көк серек*».

«*Қояндар мен қасқыр*».

Мақсаты: шапшаңдыққа, дәлдікке баулу.

1. Жеке жұмыс.

Бір орында секіру. Аяқтары әр түрлі бағытта секіру.

Мақсаты: Секіруге жаттықтыру.

1. Еңбек.

Телімді жинау.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

1. Жұмбақ жасыру. Бір түкті кілем,

Бір түксіз кілем. (Жер, аспан)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №16

1.Бақылау.

Ауа райын бақылау.

Мақсаты:Күз мезгіліндегі ауа райындағы өзгерістер туралы әңгімелесу.

2.Қимылды ойындар: «Қуыспақ» «Ормандағы аю».

Мақсаты:Шапшандылыққа баулу.

3.Жеке жұмыс.

Үлкен адымен жүріп обручка секіру

Мақсаты:Обручпен секіруге жаттықтыру.

4.Еңбек.

Телімдегі жапырақтарды жинау

Мақсаты:Тазалыққа тәрбиелеу.

5.Жұмбақ жасыру. Егін пісіп,
Жеміс түсіп,
Қамбаларға толады.
Бөбектерім , айтыңдаршы
Бұл қай кезде болады?

(күз)

Мақсаты:Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №17

1. Бақылау.

Телімдегі өзгерістерді бақылау.

Мақсаты: Телімде қандай өзгерістер болып жатқаны туралы әңгімелесу.

1. Қимылды ойындар:

«Мысық пен тышқан»,

«Себетке допты түсір»

«Қуыспақ».

Мақсаты: Жылдамдылыққа, дәлдікке баулу.

1. Жеке жұмыс.

Баспалдаққа өрмелеп, кері түсу.

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.

1. Еңбек.

Құмды көтеру. Телімдегі бұтақтар мен жапырақтарды жинастыру.

Мақсаты: Тазалыққа тәрбиелеу.

5. Жұмбақ жасыру. Дөңгеленіп өседі,
Желмен бірге көшеді.

(қаңбақ)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №18

1. Бақылау.

Бұлттың көшуін бақылау.

Бұлт неге көшеді? Қандай түсті?

Мақсаты: Бұлттар қай жаққа, не себептен көшіп жатқаны туралы әңгімелеу.

2. Қимылды ойындар:

«Шеңберге дәл түсір»,

«Қасқыр мен қояндар»

Мақсаты: Дәлдікке, шапшандылыққа тәрбиелеу.

3. Жеке жұмыс.

Санамақ айту.

Мақсаты: Тілдік қорын дамыту.

4. Еңбек.

Аула сыпырушыға көмектесу.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

5. Жұмбақ жасыру. Желмен ұшып жетеді, Желмен ұшып кетеді.

(бұлт)

Көзге көрінбейді,

Қолға ілінбейді.

(ауа)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №19

1. Бақылау.

Транспортты бақылау.

Соның ішінде автобусты бақылату.

Мақсаты: Көліктердің атқаратын және жүретін ортасына қарай топтастырып айтуға үйрету. Автобустың басқа көліктермен салыстырып бақылату.

2. Қимылды ойындар: «Өз орныңды тап», «Қыз қуу», «Қаздар-қаздар қаңқылда»

Мақсаты: Дәлдікке, жылдамдылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс.

Жыл мезгілдерінің аттарын жаттау, қайталау.

Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін дамыту

1. Еңбек.

Алаңды жинауға дағдыландыру.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

5. Көркем сөз. Бип-бип-бип дейді,

Жолдан былай кет дейді.

Күшікті басуға,

Болмайды машина.

Мақсаты: Тілдік қорын дамыту.



Серуен №20

1. Бақылау.

Ағаштардың бір-бірінен айырмашылығын бақылау.
Мақсаты: Ағаштардың айырмашылықтарын айыра білуге дағдылау. Аттарын қайталау.

1. Қимылды ойындар:

*«Шеңберге дәл түсір»,
«Арқан тартыс».*

Мақсаты: Дәлдікке, ептілікке баулу.

1. Жеке жұмыс.

Ойын-жаттығулар: Допты бір қолмен лақтыру.

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту. Ептілікке баулу.

1. Еңбек

.Ағаш бұтақтарын жинастыру.

Мақсаты: Тазалыққа тәрбиелеу.

1. Көркем сөз:

Басқа ағашпен аралас,
Жайқалады қара ағаш
Сырғалы қайың, ақ қайың,
Баптайын күтіп сақтайын
Көк қарағай, қарағай
Мейірімді анадай.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.



Серуен №21

1. Бақылау. Ауа- райын бақылау.
Мақсаты: Күзгі ауа райындағы өзгерістерді бақылай отырып, күз мезгілі туралы әңгімелеу.
1. Қимылды ойындар: **«Қуып жет»,**
«Қасқыр мен қояндар».
Мақсаты: Жылдамдылыққа, ептілікке баулу.
1. Жеке жұмыс. 1-2 баланы санауды қайталату.
Мақсаты: Балаларды оң бағытта және кері бағытта санауға үйрету.
1. Еңбек. Сәбилер тобына телімдерін жинауға көмектесу.
Мақсаты: Тазалыққа тәрбиелеу.
1. Көркем сөз. Қара бұлт қабағын түйді
Бұталар боз қырау киеді
Осы ма, осы ма, күз деген
Бақшаға баратын бізбенен.
Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

Серуен №22

1. Бақылау. Аспанды бақылау.
Күз мезгіліндегі аспанға қарап бұлттардың қозғалысын бақылап, қандай нәрсеге ұқсайтыны, түсі туралы әңгімелесу.
1. Қимылды ойындар: **«Ақ қоян»,**
«Даусынан таны».
Мақсаты: Дәлдікке, ептілікке баулу.
1. Жеке жұмыс. Мақал-мәтелдер жаттау, мағынасын түсіндіру.
Тілдік қорын байыту.
1. Еңбек. Кітап түптеуге көмектесу.
Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.
1. Көркем сөз. Күз.
Көтерілсе аспандай,
Көкте сұрша бұлт көшіп.
Жерге інжу шашқандай,
Күміс моншақ шық түсіп
Қайың, терек басынан,
Сарғыш тартып жапырақ.
Олар тусіп шашылған,
Жел үрлесе қалтырап.
Мақсаты: Шығармашылығын дамыту.



Серуен №22

1. Бақылау. Ағаштардың жапырақтарын бақылау.
Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы айту, олардың түстерін айтқызу.
1. Қимылды ойындар: *«Ақ серек, көк серек», «Сөз ойла, тез ойла»*

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Жылдамдылыққа, баулу. Есте сақтау қабілетін дамыту.

1. Жеке жұмыс. Ағаштардың аттарын атай білуге үйрету.
Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту.
1. Еңбек. Өздерінің ойнап отырған ойыншықтарымен құмды жоғары үю.
Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.
5. Көркем сөз. Ағаш көркі-жапырақ,
Адам көркі-шүберек.
Мақсаты: Тілдік қорын байыту

